



ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРАЛІГІ



ШАХМАТ ТУРНИРІ

АТЫРАУ OPEN 2026

11-21 қазан

«БЕКІТЕМІН»

РҚБ «Қазақстан шахмат федерациясы»

Атқарушы директоры

Даулетова Г.Б.



«Atyrau Open 2026»

(Шахматтан 2026 жылғы Қазақстан Кубогының 3-ші кезеңі)

халықаралық шахмат турнирінің

РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Atyrau Open 2026» халықаралық шахмат турнирі (бұдан әрі – Турнир) Қазақстан шахмат федерациясы ұйымдастыратын спорттық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес мына мақсатта өткізіледі:

- Қазақстан Республикасы және Атырау облысы аумағында шахматты кеңінен тарату;
- Қазақстан Республикасында кәсіби шахматты дамыту;
- ҚР ересектер және балалар-жасөспірімдер құрамалары мүшелерінің шеберлігін арттыру;
- «Шахматтан 2026 жылғы Қазақстан Кубогының» (Kazakhstan Chess Cup 2026) финалына қатысуға үміткерлерді анықтау.

2. Ұйымдастыру комитеті

2.1. Турнирді ұйымдастыруға жалпы басшылықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің, сондай-ақ Атырау облысының Дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ (ҚШФ) жүзеге асырады;

2.2. Турнирлерді тікелей өткізу Қазақстан шахмат федерациясының Төралқасы бекіткен турнирдің директоры мен төрешілер алқасына жүктеледі.

3. Өтетін мерзімі мен жері

3.1. Күндері: 2026 жылғы 11 қазан (келу күні) – 21 қазан (кету күні);

3.2. Ойын залы: ҚШФ сайтында жарияланады.

4. Турнирлер және өткізу шарттары

4.1. Әр кезең екі турнирден (бұдан әрі – Турнирлер) тұрады:

- **Masters** турнирі;
- **Open** турнирі.

4.2. Турнирлер ФИДЕ рейтингі есептеліп өткізіледі;

4.3. Турнирлер ФИДЕ ережелері бойынша швейцариялық жүйе бойынша 9 турмен өткізіледі;

4.4. Жұптар жеребесі Swiss Manager бағдарламасы қолданылып өткізіледі;

4.5. Уақыт бақылау: классика 90+30 (партияға 90 минут беріледі және әрбір жүріс үшін біріншісінен бастап 30 секунд қосылады);

- 4.6. Турға 30 минуттан астам уақыт кешіккені үшін қатысушы жеңілген деп белгіленеді;
- 4.7. 30-шы жүріске дейін тең ойын ұсынуға тыйым салынған;
- 4.8. Читинг-бақылау ФИДЕ Античитерлік ережелерінің талаптарына сәйкес стандартты қорғаныс деңгейінде қамтамасыз етіледі. Трансляцияны 15 минутқа кідірту қолданылады.
- 4.9. Барлық ойыншылар дресс-код сақтауы қажет (іскерлік күнделікті, сәнді күнделікті киім үлгісі; шорт пен шәркей киюге рұқсат етілмейді).
- 4.10. Ойын залында темекі шегуге тыйым салынған.
- 4.11. Партияны аяқтаған ойыншы көрермен болып есептеледі және турнир залынан шығып кетуі міндетті.

5. Апелляция

- 5.1. Даулы мәселелерді шешу үшін техникалық мәжілісте мынадай құрамдағы Апелляциялық комитет (АК) сайланады: АК төрағасы, АК 2 негізгі мүшесі + АК 2 қосалқы мүшесі;
- 5.2. Ойыншы тур аяқталғаннан кейін 1 сағаттан кешіктірмей АК-ге жазбаша түрде апелляция беріп және 100 000 теңге мөлшеріндегі апелляциялық жарнаны төлеп, төрешілер алқасының кез келген шешіміне қарсылық бере алады;
- 5.3. Апелляциялық комитеттің шешімі түпкілікті болып табылады;
- 5.4. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда апелляциялық жарна толық мөлшерінде қайтарылады.

6. Кесте

Күні	Оқиға
11.10.2026	Келу күні 14.00 – 18.00 - қатысушыларды аккредиттеу 19.00 - Техникалық мәжіліс
12.10.2026	14:00 – Турнирдің ашылуы 1-ші -тур салтанатты ашылу рәсімінен кейін бірден бастау алады
13.10.2026	15:00 – 2-ші тур
14.10.2026	15:00 – 3-ші тур
15.10.2026	15:00 – 4-ші тур
16.10.2026	15:00 – 5-ші тур
17.10.2026	15:00 – 6-шы тур
18.10.2026	15:00 – 7-ші тур
19.10.2026	15:00 – 8-ші тур
20.10.2026	10:00 – 9-шы тур 17:00 – Турнирдің жабылуы
21.10.2026	Кету күні

** Турнирдің төрешілер алқасы турлар кестесін түзетуі мүмкін*

7. Қатысушылар және тіркеу шарты

- 7.1. Қатысушылардың ең көп саны – 300 адам. Өтінімді еркірек бергендерге басымдылық беріледі.
- 7.2. 2026 жылғы 01 қыркүйектегі жағдай бойынша мына төмендегі талаптарға сай келетін спортшылар қатыстырылады:

Masters турнирі	Опен турнирі
ЭЛО 2400+	ЭЛО дейін 2400
Рейтинг: 2600+ 0 USD = 0 KZT	Рейтинг: 2200-2399 50 USD ≈ 25 000 KZT
Рейтинг: 2500-2599 50 USD ≈ 25 000 KZT	Рейтинг: 2000 -2199 75 USD ≈ 37 500 KZT
Рейтинг: 2400-2499 100 USD ≈ 50 000 KZT	Рейтинг: 1800-1999 100 USD ≈ 50 000 KZT
	Рейтингі жоқ және 1799-дан төмен 125 USD ≈ 62 500 KZT

Қазақстан шахмат федерациясының Тренерлік кеңесінің шешімімен қосымша қатысушылар қатысуға қабылдануы мүмкін.

7.3. Опен турнирінде 2008 жылы туған және одан кіші ұлдар мен қыздар, 1966 жылы туған және одан үлкен ардагерлер, 1, 2, 3-ші топтағы ерекше қажеттіліктері бар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын қатысушылар үшін турнир жарнасына 50% жеңілдік қарастырылған.

7.4. Қатысудан бас тартқан немесе рейтинг бойынша талаптарға сәйкес келмейтін өтінім берілген жағдайда турнир жарнасы қайтарылмайды.

7.5. Ұйымдастыру комитеті төмендегі талаптарға сай келетін шақырылған спортшыларды ғана қабылдауды қамтамасыз етеді (шақырылған қатысушылардың түпкілікті тізімін «Қазақстан шахмат федерациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі жасақтайды):

Рейтинг	Жағдай
GM ЭЛО 2650+	Бір кісілік бөлмеде (сингл) толық пансионмен, әуе рейсін қоса есептегенде орналастыру.
GM ЭЛО 2550–2649	Бір кісілік бөлмеде (сингл) толық пансионмен орналастыру.
WGM ЭЛО 2400+	Бір кісілік бөлмеде (сингл) толық пансионмен, әуе рейсін қоса есептегенде орналастыру.
GM ЭЛО дейін 2550	Екі кісілік бөлмеде (твин) толық пансионмен орналастыру.
WGM ЭЛО дейін 2400	

- қабылдауға өтінімді келесі поштаға жіберу қажет: tournaments@kazchess.kz;
- ұйымдастырушы қабылдауға өтінімдердің шектеулі санын қабылдайды;
- ұйымдастыру комитеті бос орындар санының шектеулі болуына байланысты қабылдаудан бас тарту құқығын өзінде қалдырады;
- екі кісілік бөлме апгрейді қосымша төленген жағдайда мүмкін болады;
- қабылдау бір елдің ең көп дегенде екі спортшысына қамтамасыз етіледі;
- өтінім берілуі автоматты түрде қабылдануға кепілдік бермейді;
- **шақырылған спортшылардың түпкілікті тізімін Қазақстан шахмат федерациясының Жаттықтырушылар кеңесімен бірге Қазақстан шахмат федерациясы қалыптастырады.**

8. Өтінімдерді қабылдау / тіркеу

8.1. Турнирлерге қатысуға өтінімдер 2026 жылғы 11 қыркүйекке дейін <https://opencups.kazchess.kz> сілтемесі бойынша қабылданады;

8.2. Ұйымдастыру комитеті қатысушылар саны жиналған жағдайда өтінім қабылдауды белгіленген мерзімге дейін жабу құқығын өзіне қалдырады;

8.3. Ұйымдастыру комитеті 2026 жылғы 11 қыркүйектен кейін тіркеуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады;

8.4. 2026 жылғы 11 қыркүйектен кейін тіркеуді сұраған қатысушылар турнир жарнасы 75 000 KZT $\approx$ 150 USD артады;

8.5. Турнир жарнасы <https://opencups.kazchess.kz> сайтында турнирге тіркелген кезде қабылданады;

8.6. Қатысудан бас тартқан немесе рейтинг бойынша талаптарға сәйкес келмейтін өтінім берілген жағдайда турнир жарнасы қайтарылмайды;

8.7. Аккредитацияға қатысушылардың қатысуы міндетті болып табылады, аккредитация аяқталғанға дейін tournaments@kazchess.kz поштасына ескертпестен қатыспаған жағдайда ұйымдастыру комитетінің қатысушыны бірінші турдың жеребе тарту рәсіміне қоспауға құқығы бар.

9. Виза

9.1. Виза ресімдеу үшін шақыру нөмірі болуы қажет. Уәкілетті органның шақыру нөмірін беруі үшін құжаттарды қарауына 2 аптадан астам уақыт кетеді, осыған байланысты қатысушылар сұралған құжаттарды турнир басталғанға дейін бір ай бұрын тапсыруы қажет;

9.2. Виза алу үшін шақыру нөмірін ресімдеудің құны:

9.2.1. Алып жүретін адамдар мен қатысушылар шақыру нөмірін ресімдеу үшін ұйымдастыру комитетіне 20 USD төлейді.

9.2.2. Шақырылған және қабылдау қамтамасыз етілетін қатысушылар үшін шақыру нөмірін ресімдеудің құнын ұйымдастырушылар өтейді.

9.3. Бірегей шақыру нөмірін алғаннан кейін, қатысушылар <https://www.vmp.gov.kz/ru/services/visa-service> сайтында электрондық визаны өз бетінше ресімдейді.

9.4. Электрондық визаны мемлекеттік шекарадан өткен кезде және Қазақстан Республикасы аумағында жүргенде көрсету үшін басып шығару қажет. Электрондық виза Қазақстан Республикасына тек халықаралық әуежайлар арқылы кіруге / шығуға құқық береді;

9.5. Сондай-ақ қатысушылар виза жапсырмасын ҚР Елшілігінен ала алады;

9.6. Визаның құны 80 USD.

*Ескертпе: шақырылған және қабылдау қамтамасыз етілетін қатысушыларға виза құнын ұйымдастырушылар өтейді.

10. Жеңімпаздарды анықтау. Марапаттау

10.1. Жарыс жеңімпаздары барлық партияларда жиналған ұпайлардың ең көп саны бойынша анықталады. Ұпай саны тең болған жағдайда дәйекті түрде мына төмендегі қолданылады:

- қысқартылған Бухгольц коэффициенті (ең нашар нәтижесіз);
- жеке кездесу (егер бөліске барлық қатысушылар бір-бірімен ойнаған болса);
- жеңістердің көбірек саны;
- перформанс.

10.2. Турнирдің кепілдендірілген жүлде қоры. *турнирдің жүлде қоры KZT есептеледі, USD сома регламентке қол қою кезіндегі ҰР Ұлттық банкінің бағамы бойынша көрсетілген.

<i>Masters турнирі</i> <i>Негізгі жүлделер 37 750 000 KZT $\approx$ 75 500 USD</i>					
1-ші орын	9 000 000 KZT	$\approx$ 18 000 USD	9-шы орын	1 000 000 KZT	$\approx$ 2000 USD
2-ші орын	7 000 000 KZT	$\approx$ 14 000 USD	10-шы орын	800 000 KZT	$\approx$ 1 600 USD
3-ші орын	5 000 000 KZT	$\approx$ 10 000 USD	11-ші орын	750 000 KZT	$\approx$ 1 500 USD
4-ші орын	3 500 000 KZT	$\approx$ 7 000 USD	12-ші орын	500 000 KZT	$\approx$ 1000 USD
5-ші орын	3 000 000 KZT	$\approx$ 6 000 USD	13-ші орын	450 000 KZT	$\approx$ 900 USD
6-шы орын	2 500 000 KZT	$\approx$ 5 000 USD	14-ші орын	400 000 KZT	$\approx$ 800 USD

7-ші орын	2 000 000 KZT	≈ 4000 USD	15-ші орын	350 000 KZT	≈ 700 USD
8-ші орын	1 500 000 KZT	≈ 3000 USD			

Masters турнирі Қосымша жүлделер 2 250 000 KZT ≈ 4 500 USD					
Әйелдер арасындағы үздік нәтиже			Қазақстандық ойыншылар арасындағы үздік нәтиже		
1-ші орын	400 000 KZT	≈ 800 USD	1-ші орын	500 000 KZT	≈ 1 000 USD
2-ші орын	350 000 KZT	≈ 700 USD	2-ші орын	400 000 KZT	≈ 800 USD
3-ші орын	250 000 KZT	≈ 500 USD	3-ші орын	350 000 KZT	≈ 700 USD

Рейтинг жүлдесі 5 000 000 KZT ≈ 10 000 USD					
ЭЛО 2500 - 2599		ЭЛО 2400 - 2499		ЭЛО 2300 - 2399	
1 250 000 KZT	≈ 2 500 USD	1 050 000 KZT	≈ 2 100 USD	750 000 KZT	≈ 1 500 USD
750 000 KZT	≈ 1 500 USD	700 000 KZT	≈ 1 400 USD	500 000 KZT	≈ 1 000 USD

Опен турнирі Негізгі жүлделер 4 675 000 KZT ≈ 9 350 USD		
1-ші орын	1 350 000 KZT	≈ 2 700 USD
2-ші орын	850 000 KZT	≈ 1 700 USD
3-ші орын	600 000 KZT	≈ 1 200 USD
4-ші орын	450 000 KZT	≈ 900 USD
5-ші орын	350 000 KZT	≈ 700 USD
6-шы орын	300 000 KZT	≈ 600 USD
7-ші орын	250 000 KZT	≈ 500 USD
8-ші орын	200 000 KZT	≈ 400 USD
9-шы орын	175 000 KZT	≈ 350 USD
10-шы орын	150 000 KZT	≈ 300 USD

Опен турнирі Қосымша жүлделер 325 000 KZT ≈ 650 USD		
1966 жылы туған және одан үлкен ардагерлер арасындағы үздік нәтиже		
1-ші орын	150 000 KZT	≈ 300 USD
Әйелдер арасындағы үздік нәтиже		
1-ші орын	175 000 KZT	≈ 350 USD

10.3. Барлық жүлдеден ҚР қолданыстағы заңнамасы бойынша салық ұсталады;

10.4. Негізгі және қосымша жүлделер бөлінбейді;

10.5. Қатысушы бір ғана жүлдені – ең үлкенін ала алады;

10.6. Турнирдің жүлде қоры теңгемен есептеледі. АҚШ долларындағы сома тек ақпараттық мақсатта көрсетілген және регламентке қол қойылған кездегі ҚР Ұлттық банкінің бағамы бойынша конверсияланған. Жүлде қоры теңгемен, АҚШ долларымен немесе еуромен төленеді; сома төлем күніндегі ҚР Ұлттық банкінің бағамы бойынша конверсияланады.

10.7. Жүлденің төленуі үшін құжат тапсыру мерзімі 7 (жеті) күнтізбелік күн. Жүлдені төлеу мерзімі – барлық қажетті, тиісті түрде ресімделген және қол қойылған құжаттар алынған кезден бастап 30 (отыз) жұмыс күніне дейін.

10.8. Спортшының банктік шоты жоқ болған немесе бұғатталған не болмаса оның банктік шотына аударым жасау санкцияға немесе өзге де мән-жайға байланысты мүмкін болмаған жағдайда спортшы оның ақшалай жүлдесін алуға үшінші тұлғаға нотариалдық куәландырылған сенімхатты ұсынуы қажет.

10.9. Ақшалай жүлде қолма-қол ақшамен төленбейді және спортшы сұралған құжаттарды турнир аяқталған күннен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде ұсынбаған жағдайда ұйымдастыру комитеті жүлдені төлемеуге құқылы.

11. Жарыс өткізу шығыны

11.1. ҚШФ жарыс өткізуге байланысты мынадай шығынды көтереді:

- Masters турниріне 20 000 000 KZT мөлшеріндегі жүлде қорын қамтамасыз ету;
- Open турниріне 5 000 000 KZT мөлшеріндегі жүлде қорын қамтамасыз ету;
- төрешілер алқасының жұмысына ақы төлеу;
- ұйымдастыру шығынын ішінара төлеу;

11.2. «Атырау облысының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ»

- Masters турниріне 25 000 000 KZT мөлшеріндегі жүлде қорын ішінара қаржыландыру;
- турнирдің ашылуы мен жабылуын ұйымдастыру;
- турнирдің ашылуы мен жабылуын музыкалық сүйемелдеу;
- турнир кезінде медициналық сүйемелдеуді ұйымдастыру;
- турнир кезінде қоғамдық тәртіпті ұйымдастыру;
- турнир кезінде өрт сөндіру бригадасының кезекшілігін ұйымдастыру;
- турнир залына үй-жай беру;
- безендіру;

11.3. Қатысушылардың ұшу және тұру шығынын іссапарға жіберуші ұйымдар көтереді.

12. Қатысушылардың, алып жүретін адамдардың құқықтары мен міндеттері

12.1. Қатысушылар ФИДЕ ережелеріне және осы Регламентке сәйкес ойнауға міндеттенеді.

12.2. Партияны жазу «6 жасқа дейінгі» қатысушылардан басқа барлық қатысушылар үшін міндетті.

12.3. Төрешінің екі ескертуінен кейін партияның жазбасын жасамай жатқан қатысушы жеңілді деп есептеледі. Егер келесі партияда бұл жағдай қайталанса, қатысушы жарыстан шығарылады.

12.4. Қатысушылар, жаттықтырушылар, алып жүруші адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері мен әдептілік қағидаларын сақтауға міндеттенеді.

12.5. Ойын тәртібін жүйелі түрде бұзған, қасақана жанжалды жағдай туғызған және басқа да бұзушылық жасаған қатысушы жарыстан шығарылады. Жаттықтырушылар мен алып жүретін адамдар тарапынан осындай бұзушылық болған жағдайда тәртіп бұзушылар Турнирлерде болу құқығынан айырылады.

12.6. Турнирлерге қатысушылардың:

- Апелляциялық комитетке жүгінуге (5.1-тармақты қараңыз);
- турнир залында алғашқы медициналық көмек көрсетілуіне құқығы бар.

12.7. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ҚР АҚ) 145-бабына сәйкес және ҚР АҚ 15-бабы 8-тармағының талаптарын ескере отырып, «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ спорттық іс-шараларын, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін халыққа танымал ету мақсатында Қатысушы Ұйымдастырушыға:

– Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе оның мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлғалардың Қатысушының жарысқа қатысуын бейне және фотоға түсіруіне (фотосурет және/немесе бейнеролик);

– Ұйымдастырушының Қатысушының атын пайдалануына, Қатысушының бейнесін және/немесе Жарыстың нәтижесінде алынған, Қатысушы бейнеленген басқа да аудио-, бейне-, фотоматериалдарды кез келген тәсілмен және кез келген құралдармен, пайдалану мерзімі мен аумағы бойынша шектеусіз жариялауына, жаңғыртуына және таратуына, соның ішінде осы материалдарды өңдеу және үшінші тұлғаларға беру құқығына өзінің келісімін береді.

Қатысушы осы келісімді белгісіз мерзімге өтеусіз негізде береді және оның кейіннен Ұйымдастырушыдан қандай да бір түрде өтемақы төлеуін талап етуге құқығы жоқ.

13. Байланыс ақпараты

Турнир директоры: Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті **Есенов Марат Сағынтайұлы**

Турнирдің техникалық директоры: Исмағамбетов Әнуар Мұхтарұлы

Бас төреші: ТБК тағайындауы бойынша

Турнир хатшысы: ТБК тағайындауы бойынша

Турнир менеджері: тағайындауы бойынша, tournaments@kazchess.kz.